

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ**

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

БЕКІТЕМІН

**Педагогика және психология
факультетінің деканы**

Абаева Г.А.

Хаттама № 10 «23» 06 2025 ж.

**«8D01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»
білім беру бағдарламасы бойынша
докторантураға түсушілерге арналған
БАҒДАРЛАМА**

Алматы, 2025

«8D01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтиханы келесі пәндерді қамтиды:

1-пән. Жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясы

2-пән. Мектепке дейінгі педагогика

3-пән. Ғылыми зерттеулердің әдістері мен әдіснамасы

1-пән. Жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясы

1-тақырып. Жоғары мектеп педагогикасының теориялық негізі.

Қазіргі әлемдегі жоғары білімнің даму тенденциясы және негізгі бағыттары, білімдендіру жүйесіндегі нормативтік құжаттар. Жоғары білім беру мен жоғары мектеп педагогикасының алатын орны. Білім берудің парадигмалары және нормативтік құжаттары. Білім берудің даму тенденциялары. Әлемдік білім беру кеңістігі

2-тақырып. Педагогика ғылымы. Педагогикалық ғылымның мәні және қазіргі тенденциялары. Жоғары мектеп оқытушысының кәсіби біліктілігі мен шеберлігі. Жоғары мектеп оқытушысының коммуникативтік біліктілігі.

3-тақырып. Жоғары оқу орындарындағы оқытушының жеке және кәсіби қасиеттері. Жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық және кәсіби ерекшеліктері. Жоғары мектеп оқытушысы мен студент арасындағы қарым-қатынас. Қарым-қатынастың ерекшеліктері. Ғылыми зерттеу типологиясы және педагогикалық зерттеу әдістері.

4-тақырып. Жоғары мектепте оқыту теориясы (дидактика). Кәсіби оқыту процесінің мәні. Дидактика туралы жалпы түсінік және негізгі категориялары. Жоғары мектептегі оқу процесінің құрылымы. Оқыту процесінің мазмұны мен принциптері. Оқыту әдістері мен формалары.

5-тақырып. Жоғары мектептегі оқыту процесін ұйымдастыру. Білім беруді ұйымдастыру. Оқытудың негізгі түрлері. Дәріс – жоғары мектепте оқытудың негізгі түрі. Дәстүрлі оқытудың түрлері: дәріс, семинар. Болашақ мамандарды даярлаудағы белсенді әдістер мен оқыту түрлері. Инновациялық технологиялар – оқытудың белсенді әдістері.

6-тақырып. Жоғары мектептегі тәрбие жұмыстары. Жоғары мектеп - әлеуметтік институт ретінде. Маманды тәрбиелеу және қалыптастыру. Жоғары мектептегі тәрбие жұмысының бағыттары мен мән-мағынасы - болашақ маманның тұлғасын әлеуметтендіру үдерісі ретінде. ЖОО оқытушысының жаңа қызметі (тьютор, фасилитатор, тәлімгер).

7-тақырып. ЖОО ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ғылыми негіздері. Жоғары мектептегі оқу үдерісін оқытудың кредиттік жүйесі негізінде ұйымдастыру. Студенттердің оқу үдерісі мен өзіндік жұмыстарын оқу- әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету технологиясы. Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында оқу сапасын бағалау.

8-тақырып. Жоғары мектеп психологиясының негізгі сипаттамасы. Жоғары мектеп психологиясының пәні, міндеттері және құрылымы. Жоғары мектеп психологиясының әдіснамасы. Жоғары мектеп психологиясының

әдістері. Психологиядағы білімнің ықпалдастығы. Жоғары мектеп психологиясы дамуының теориялық негіздері.

9-тақырып. Жоғары мектеп психологиясының ғылыми-әдіснамалық негіздері. Психология ғылымындағы әдіснамалық қағидалар. Жоғары мектеп психологиясындағы зерттеу әдістерінің жүйесі. Психологиялық зерттеу сатылары мен кезеңдері. Қазақстанда жоғары мектеп психологиясының дамуы

10-тақырып. Студенттердің психологиялық дамуы және оқу-әрекеті. Студенттік жастағы психологиялық даму ерекшеліктері. Оқу-танымдық іс-әрекеттің психологиялық негіздері. Студенттердің кәсіби мотивациясы мен өзін-өзі дамытуы

11-тақырып. Педагогикалық қарым-қатынас және оқыту психологиясы. Педагогикалық қарым-қатынас түрлері мен құрылымы. Оқытушы мен студент арасындағы өзара әрекеттесу ерекшеліктері. Қарым-қатынастағы психологиялық кедергілер мен оларды жеңу жолдары.

12-тақырып. Жоғары мектептегі психологиялық қызмет. Жоғары оқу орнындағы психологиялық қызметтің мазмұны мен міндеттері. Психологиялық диагностика, кеңес беру және түзету жұмыстары. Жоғары мектептегі психологиялық қолдаудың заманауи бағыттары.

13-тақырып. Студенттердің тұлғалық және кәсіби дамуы. Жоғары мектептегі тұлғалық даму кезеңдері. Кәсіби өзін-өзі анықтау және кәсіби қалыптасу психологиясы. Тұлғаның кәсіби деформациялары және оларды түзету жолдары.

14-тақырып. Жоғары мектеп оқытушысының психологиясы. Оқытушы тұлғасының психологиялық ерекшеліктері. Оқытушының кәсіби-педагогикалық іс-әрекеті. Оқытушының кәсіби дамуы және педагогикалық шеберлігі.

15-тақырып. Жоғары мектеп психологиясындағы қазіргі тенденциялар. Жоғары мектеп психологиясындағы инновациялық бағыттар. Психологиялық қызметті ұйымдастырудағы жаңа технологиялар. Қазақстандағы және әлемдік тәжірибедегі даму перспективалары

2-пән. Мектепке дейінгі педагогика

1-тақырып. Мектепке дейінгі педагогика ғылым ретінде. Мектепке дейінгі педагогиканың пәні, міндеттері және қызметі. Мектепке дейінгі педагогиканың негізгі санаттары. Мектепке дейінгі педагогиканың шығу тарихы. Қазақстанда мектепке дейінгі білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы. Мектепке дейінгі педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы. Мектепке дейінгі педагогиканың зерттеу көздері мен әдістері.

2-тақырып. Мектепке дейінгі педагогиканың әдіснамалық негіздері. Мектепке дейінгі білім берудің әдіснамалық тәсілдемелері. Мектепке дейінгі тәрбие тұжырымдамалары. Мектепке дейінгі тәрбиенің педагогикалық теориялары.

3-тақырып. Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру жүйесі. «Мектепке дейінгі білім беру жүйесі» түсінігі. Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру жүйесі, олардың типтері және ұйымдық құрылымы.

4-тақырып. Ерте және мектеп жасына дейінгі балалар дамуының жас ерекшеліктері. Ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың жас кезеңдері. Ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері. Жетекші іс-әрекет түсінігі. Бала дамуындағы дағдарыстар.

5-тақырып. Баланың біртұтас дамуы бала тұлғасының әлеуметтенуі мен даралануының көрінісі ретінде. Бала тұлғасының әлеуметтенуі. Тұлғаның даму факторлары. Педагогикалық процесс мектеп жасына дейінгі балаларды дараландыру мен әлеуметтендіру жағдайы ретінде.

6-тақырып. Мектеп жасына дейінгі балаларда тұлғалық мәдениет базисін қалыптастыру. Тәрбие мазмұны. Дене тәрбиесі. Адамгершілік тәрбиесі. Ақыл-ой тәрбиесі. Эстетикалық тәрбие.

7-тақырып. Ерте және мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің заңдылықтары мен қағидаттары. Ерте және мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесінің заңдылықтары мен қағидаттары туралы түсініктер. Тәрбиенің әдістері мен құралдары. Тәрбие әдістерінің жіктелуі және оларға сипаттама. Мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық даму мониторингі.

8-тақырып. Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық дамытушы ортаның ерекшеліктері, ұйымдастыру қағидаттары және оны жобалау. Заттық дамытушы орта түсінігі мен мәні. Заттық дамытушы орта құрылымы. Мектепке дейінгі ұйымдарда заттық дамытушы ортаны құру қағидаттары.

9-тақырып. Мектеп жасына дейінгі балалар өміріндегі ойын. Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Балалар ойынының жіктелуі. Балалар ойынының түрлері және оларға сипаттама.

10-тақырып. Балабақша мен отбасы арасындағы өзара әрекеттестік. Жеке тұлғаны қалыптастырудағы отбасының рөлі. Балабақша мен отбасы ынтымақтастығының формалары.

11-тақырып. Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи педагогикалық технологиялар. Инновациялық технологиялар: ойын технологиясы, жобалау әдісі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, когнитивтік технологиялар және т.б. Тәрбиелеу мен оқыту процесіндегі технологиялық интеграцияның ерекшеліктері. Балалардың танымдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қолдаудағы жаңа әдіс-тәсілдер. Шетелдік және отандық тәжірибелерді салыстырмалы талдау.

12-тақырып. Мектепке дейінгі білім берудің нормативтік және әдістемелік негіздері. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы) – негізгі мақсаттары, құрылымы және мазмұндық талаптары. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы) – бағыттары мен бөлімдері. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы) – мақсаты,

негізгі бағыттары және іске асыру кезеңдері. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасындағы мектепке дейінгі білім беру саласындағы стратегиялық міндеттер.

13-тақырып. Мектеп жасына дейінгі балалардың даму бағыттары (үлгілік бағдарлама негізінде). Физикалық қасиеттерді дамыту – негізгі қимыл түрлерін жетілдіру, денсаулықты сақтау, қозғалыс белсенділігіне қызығушылықты қалыптастыру. Коммуникативтік дағдыларды дамыту – сөйлеу мен фонематикалық естуді жетілдіру, сөздік қорды қалыптастыру, вербалды және вербалды емес қарым-қатынас құралдарын меңгерту. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту – сенсорика, қарапайым математикалық ұғымдар, себеп-салдарлық байланыстар, логикалық ойлау және зерттеушілік қабілеттерді дамыту. Шығармашылық дағдыларды дамыту – бейнелеу, мүсіндеу, музыка, құрастыру арқылы көркемдік-шығармашылық қабілеттер мен эстетикалық талғамды қалыптастыру. Әлеуметтік-эмоциялық дағдыларды дамыту – өз эмоцияларын тану және реттеу, өзіне және өзгелерге деген жағымды көзқарас, ережелер мен шекараларды сақтау, қауіпсіз мінез-құлық нормаларын меңгерту.

14-тақырып. Мектепке дейінгі педагогиканың дамуындағы заманауи үрдістер мен инновациялар. Педагогикадағы қазіргі ғылыми бағыттар. Мектепке дейінгі білім беруде қолданылатын жаңа технологиялар. Халықаралық тәжірибелерді енгізудің маңызы.

15-тақырып. Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби құзыреттілігі. Кәсіби құзыреттілік ұғымы және оның құрамдас бөліктері. Педагогтің өзін-өзі жетілдіруі мен рефлексиялық дағдылары. Педагогтің заманауи талаптарға сай кәсіби бейімделуі.

3-пән. Ғылыми зерттеулердің әдістері мен әдіснамасы

1-тақырып. Ғылыми таным – зерттеу нысаны ретінде. Педагогикалық зерттеуді әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету. Ғылыми білімдер жүйесіндегі педагогика. Білім беру саласындағы ғылыми қызметтің ерекшелігі.

2-тақырып. Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық ұстанымдары. Дидактикалық, тарихи-педагогикалық, әлеуметтік-педагогикалық, салыстырмалы-педагогикалық, әдістемелік, психологиялық, педагогикадағы әдіснамалық, әдістемелік, тәрбие саласына қатысты зерттеулердің әдіснамасы.

3-тақырып. Ғылыми-зерттеудің әдіснамалық аппаратын құрастырудың логикасы. Тақырыптың өзектілігі, ғылыми зерттеудің болжамы, кезеңдері. Ғылыми зерттеудің әдістері.

4-тақырып. Педагогикалық эксперимент. Эксперимент түрлері. Зерттеудің нәтижелері және оларды сипаттаудың тәсілдері. Ғылыми нәтижелердің жаңашылдық өлшемдері. Ғылыми-зерттеу нәтижелерінің сенімділік мәселесі.

5-тақырып. Ғылыми-педагогикалық зерттеудің әдістер жүйесі. Зерттеу әдістерінің құрылымы. Байқау, әңгімелесу, сұхбаттасу, сауалнама

жүргізу. Дидактикалық зерттеу әдістерінің құрылымы. Әдебиетті зерделеу және контент-талдау. Педагогикалық тәжірибені жинақтау.

6-тақырып. Ғылыми мектептер және әдіснамашы ғалымдардың кәсіби портреттері. Педагогика әдіснамасының негізін салушылар. Педагогика әдіснамасы саласындағы жетекші ғылыми мектептер.

7-тақырып. Педагогикалық зерттеу бағдарламасын әзірлеу және құрылымы. Зерттеу мақсаты мен міндеттерін айқындау, ғылыми гипотезаны қалыптастыру және күтілетін нәтижелерді болжау тәсілдері.

8-тақырып. Зерттеу нәтижелерін сандық және сапалық талдау әдістері. Педагогикалық зерттеу нәтижелерін сандық және сапалық талдау әдістері: статистикалық өңдеу құралдары, деректерді интерпретациялау тәсілдері және қорытынды жасау логикасы.

9-тақырып. Ғылыми-педагогикалық зерттеулердегі өлшемдер мен көрсеткіштерді анықтау. Ғылыми-педагогикалық зерттеулердегі өлшемдер мен көрсеткіштерді айқындау: валидтілік пен сенімділік талаптары, оларды бағалау және зерттеу нәтижелерінің дәлдігін қамтамасыз ету.

10-тақырып. Зерттеушінің кәсіби-әдіснамалық мәдениеті және ғылыми этикасы. Зерттеушінің кәсіби-әдіснамалық мәдениеті және ғылыми этикасы: ғылыми адалдық қағидалары, деректерді дұрыс рәсімдеу және плагиаттың алдын алу тетіктері.

11-тақырып. Педагогикалық зерттеу нәтижелерін білім беру практикасына ендіру жолдары. Тәжірибелік маңыздылықты бағалау, жаңалық өлшемдерін анықтау және енгізу кезеңдері.

12-тақырып. Ғылыми жұмысты рәсімдеу және жариялау талаптары. Ғылыми еңбектердің түрлері: диссертация, ғылыми мақала, есеп, баяндамалар. Рәсімдеу ережелері: құрылымы, библиографиялық талаптары, сілтемелерді беру тәртібі. Халықаралық стандарттарға сәйкес ғылыми мәтіндерді жариялауға дайындық.

13-тақырып. Педагогикалық зерттеу сапасын бағалау критерийлері. Бағалау көрсеткіштері: ғылыми жаңалық, теориялық және тәжірибелік маңыздылық, дәлелділік, әдістемелік негізділік. Сараптама жүргізу, рецензиялау, апробациялау үдерісі. Зерттеу сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстар.

14-тақырып. Қазақстандағы педагогикалық зерттеулердің заманауи бағыттары. Отандық ғылыми мектептердің ерекшеліктері, қазіргі әдіснамалық трендтер мен білім беру жүйесінде қолданылуының басымдықтары.

15-тақырып. Болашақ педагог-зерттеушілердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру. Болашақ педагог-зерттеушілердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру: кәсіби-зерттеушілік мәдениетті дамыту әдістері, ғылыми-ізденістік дағдыларды тәжірибеде жетілдіру жолдары.

**«8D01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»
білім беру бағдарламасы бойынша эссе тақырыптары:**

1. Мектепке дейінгі білім берудегі иновациялық әдістердің тиімділігі;
2. Отбасы мен балабақша арасындағы серіктестіктің балалардың дамуына әсері;
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық дамуындағы ойынның маңыздылығы;
4. Сенсорлық дамудың маңызы: мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін арттыру;
5. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту әдістемелері: заманауи тәсілдер мен мәселелер;
6. Балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуы: ата-аналар мен тәрбиешілердің рөлі;
7. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үздік тәжірибелері: трансформация үдерісі;
8. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін шабыттандыратын және ынталандыратын ортаны қалай құруға болады?;
9. Балабақша – өсіп жетілудің жайлы мекені;
10. Тәрбиешінің мектеп жасына дейінгі бала өміріндегі рөлі.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Баширова Ж.Р., Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б. және т.б. Жоғары мектеп педагогикасы: оқу құралы– Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 190 б.
2. Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы . – Алматы: Дәуір, 2012. – 492 б.
3. Жиенбаева С.Н., Бекмагамбетова Р.К., Сыздықбаева А.Д., Бөлшекбаева Ә.И. Мектепке дейінгі педагогика. Оқу құралы.- Алматы, Альманах, 2018.- 269 б.
4. Таубаева Ш.Т. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері: оқулық. Стер. бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020– 360 б.
5. Тұрғынбаева Б.А. Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері – Алматы, «Полиграф» баспасы, 2015 ж. - 216 б.
6. Бұзаубақова К.Ж., Жиенбаева С.Н. Мектепке дейінгі білім инновациясы. Оқу құралы. –Алматы., «Отан», 2018. – 326 б.
7. Жиенбаева С.Н. Мектепке дейінгі педагогика. – Фолиант, 2019. -257 б.
8. Таубаева Г.З. Педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі. – Алматы. 2017. 148 бет.
9. Козлова С.А. Мектепке дейінгі педагогика: оқу. 15-басылым, өңделген және толықтырылған. - М. : «Академия» баспа орталығы, 2015. - 432 б.
10. Мынбаева А.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері: Оқу құралы. -Алматы, 2016.-191 б.